

«6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне үміткер Салбырова Макпал Токтарбекқызының «Географияны оқытуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШІКІР

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» тақырыбындағы 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауында ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Сонымен бірге, IT-білімді қалыптастыруға баса көңіл бөлу керек» деп білім саласының алдында тұрған зор міндеттерді айқындап берді.

Қазақстандағы білім беру жүйесі - әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған дамудың жаңа кезеңін өтуде. Қазіргі заманғы қоғам жаһандық ақпараттандыруда қарқындап дамып келе жатыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады» деп атап көрсеткен болатын. Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне еліміздегі оқу орындарының білім сапасын көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында компьютер мен электронды оқыту құралдары - оқыту мен дидактикалық құралға айналып отыр. Сондықтан да қазіргі білім беру саласында жаңа оқыту технологиялары мен электронды оқыту құралдарын пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр.

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде. Мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру білім алушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Бүгінгі күнде мұғалімдер білім алушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда, яғни электронды оқыту құралдары мен қазіргі заман талабына сай, жаңа оқыту технологиялары.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры десек, бұл география ғылымына да қатысты. Географиялық білім беру жүйесі ақпараттандыру мен

компьютерлендіруді белсенді түрде енгізуді және қолдануды көздейді. География саласында білім беру үдерісін ақпараттандыруда басты элемент ақпараттық технология құралдарымен жабдықталған ақпараттық ресурстарды меңгертуге негізделген білім беру жүйесін құру. Ендеше география пәнінің мұғалімі ақпараттық технологиядан хабары болуы қажет. Олай болмаған жағдайда, мына ақпарат ғасырында ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда әлемдік даму кешінен қалып қоярымыз сөзсіз. Осы айтылғанның бәрі М.Т. Салбырованың зерттеу проблемасының көкейкестілігін анықтайды.

М.Т. Салбырова *зерттеу барысында* философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге контент-талдау, модельдеу, теориялық негіздеу, ҚР білім беру саясатының нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу, озық тәжірибелерге талдау жасау, іс-әрекет нәтижелерін салыстырмалы талдау, сауалнама, тестілеу, диагностикалық әдістемелер, математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- білім беруді цифрландыру жағдайында оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелеріне теориялық талдау жасалынған;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды географияны оқыту үдерісінде қолдану жағдайы айқындалды, соның негізінде білім алушылардың білімдерін тексеріп, бағалауға мүмкіндік беретін «Flash», «3ds max», «Delphi» компьютерлік бағдарламаларына негізделген электрондық құралы дайындалған.

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды географияны оқыту үдерісінде қолданудың мазмұндық-құрылымдық моделі негізінде әдістемелік жүйесі жасалынған.

Докторанттың электрондық оқыту құралын әзірлеудің мен оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеруі диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

М.Т. Салбырованың жарық көрген еңбектері талаптарына сай келеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын бақылау комитеті тізіміндегі басылымдарда – 3, халықаралық конференцияларда – 12 (шетелдік – 8), Scopus базасына кіретін журналдарда – 1 мақала жарияланған, жалпы саны - 16.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысын жүргізу барысында автор зерттеу проблемасының теориясы мен әдіснамасын жетік меңгергендігін көрсетті және белсенділік танытты. Салбырова Макпал Токтарбекқызының диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында білімділігімен,

біліктілігімен, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді.

Жалпы диссертациялық жұмыс жоғары теориялық деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие, ішкі бірлігі бар жаңа ғылыми нәтижелерді жинақтайды. Диссертациялық жұмыс аяқталған, дербес орындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертант міндеттерді нақты қоя білуімен қатар, шешімін де дәлелді көрсете білген.

Сондықтан, Салбырова Макпал Токтарбекқызының «6D011600 – География» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Географияны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық
университетінің
профессоры, ҚР ҰҒА академигі,
Г.Ғ.Д.**



РАСТАЙМЫН: Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІ БАСТЫҒЫ
КӨЗБЕРЯЮ: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ
ҚазҰПУ и.м.н. Абай
А.С. Бейсенова